

---

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

---

# ТАҒЫЛЫМ


2011 жылдың наурызынан бастап шығады

XV-бөлім

№04 (64)

Сәуір 2019  
жыл

Басылым Қазақстан Республикасы  
Байланыс және ақпарат министрлігінде  
есепке қойылып, 2011 жылдың 26  
қаңтарында №11349-ж тіркеу куәлігі берілген



«ҮЗДІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҚАЛАЛАР»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫНА ЕНГЕН ЖҰМЫСТАР ЖИНАҒЫ

<b>Айымкөз Шакирова.</b> <i>Қара шаңырақ</i> .....	4
<b>Ұлжан Рысбекқызы.</b> <i>Адамның сырт келбеті мен мінезі.</i> <i>Асыл қасиет</i> .....	9
<b>Айгерим Шойбек, Альбина Досанова.</b> <i>Еңсесі биік –</i> <i>білім ордасы</i> .....	13
<b>Самалай Ертисбаева.</b> <i>Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру</i> .....	17
<b>Moldir Zhumamadinova.</b> <i>6.3B Travel and Holiday</i> .....	15
<b>Мирас Айтбай.</b> <i>Программирование – как основное направление пред- мета информатики</i> .....	17
<b>Сауле Тугелбаева.</b> <i>Дара және күрделі сын есімдер</i> .....	18
<b>Акгул Асавова.</b> <i>Мектеп – біздің ортақ үйіміз</i> .....	20
<b>Майрамгуль Атаниязова.</b> <i>Буын. Көзәністің адамға пайдасы</i> .....	22
<b>Нұрғиса Құсайынов.</b> <i>Мәтінді есептерді шығару</i> .....	25
<b>Гулшат Аяшева.</b> <i>О.Әубәкіров. «Ара мен шыбын»мысалы</i> .....	30
<b>Шынар Байкулова.</b> <i>Әріпті және санды өрнектерді салыстыру</i> .....	32

**Г.Қ. АТАНБАЕВА,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
биология және битехнология факультетінің  
биофизика және биомедицина кафедрасының аға оқытушысы б.ғ.к.  
**С.Н. ӘБДІРЕШОВ,**  
асс. проф.  
Астана қаласы

## УНИВЕРСИТЕГІ НАУРЫЗ

Наурыз - шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айландырған. Шығыстың данышпандары Махмұд Қашқари, Омар Хаямнан бастап қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин сынды ұлт қайраткерлері де Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, асыл сөздер жазып қалдырған. Кеңес Үкіметінің солақай саясатының салдарынан Наурызда Құран оқылмаса да, діни мереке ретінде бағаланып, оны 1926 жылдан бастап атап өтуге тиым салынған еді. Содан ұзақ жылдар бойы мемлекеттік деңгейде тойланбады. Бірақ ескінің көзін көрген қарияларымыз ауылдық жерлерде наурыз көже даярлап, отбасылық мереке ретінде тойлап келген. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Наурыз мемлекеттік деңгейде барлық қалаларда, облыс, аудан орталықтарында, ауылдарда бүкілхалықтық мереке ретінде тойланып келе жатыр.

Наурыз мерекесі үш күн тойлантынын халқымыз қуана қабылдады. Қазақстан Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2008 жылы Наурыз мейрамын жаңа тұрғыда мерекелеу қажет екенін айтқан болатын. Мемлекет басшысының осы бастамасына байланысты Парламентке заң жобасы келіп түсті. 2009 жылы 4 наурыз күні Мәжіліс «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» қолданыстағы заңға өзгеріс енгізуді көздейтін заң жобасын мақұлдады. Кейін Сенат қарап, қабылданған заңға Қазақстан Президенті қол қойды. Сол заңға сәйкес мемлекеттік мереке Наурыз мейрамы бір күннің орнына үш күн бойы, яғни, 21-22-23 наурыз күндері мерекеленетін болды. Наурыз мерекесі күні - қасиетті күн. Данышпан ата-бабаларымыз бұл күнді табиғаттың айрықша белгілерін ескере отырып белгілеген. Наурыз айы ерекше қасиеті бар ай ретінде бағалаған. Күн мен түн теңелетін күн, төрт түлік мал төлдейтін ай, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін ай. Қыстың соңы, көктемнің басы жыл құстары келе бастайды.

Еліміздің алдыңғы қатарлы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті де Ұлттық мейрамымызды жоғарғы деңгейде жыл сайын атап

өтуді әдетке айналдырған. Биылғы, яғни 2019 жылғы Наурыз мейрамы сәуір айының 13-і күні тойланды.

Самарқанның көк тасы еріп, барша тіршілік атаулы ұйқысынан оянатын жаңару мейірі жаңғыру кезеңі атанған Наурыз мейрамы – университет қалашығы студенттері асыға күтетін ерекше мереке. «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында өткен мерекеге ҚазҰУ басшылығы, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Мерекелік шара ақсақалдың ақ батасымен ашылып, ақ жаулықты әжелер шашу шашты. Алқалы жиында сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтапов: «Біздің халық үшін ең қастерлі ұғым ол – тәуелсіздік. Тәуелсіздіктің ғұмырын баянды болуы білімді әрі жігерлі жастардың қолында. Еліміздің Мәңгілік елге айналуы – Елбасымыздың басты мақсаттарының бірі. Ал мәңгілік елдің ұлттық құндылықтары да мәңгі болатыны ақиқат. Сондай ұлттық құндылықтарымыздың бірі – бүгін тойланып жатқан Наурыз мейрамы. Ұлыстың ұлы күні еліміз бен жеріміз үшін ырыс пен берекенің, бақыт пен тұрақтылықтың, жаңару мен жаңғырудың бастауы болғай», – деп, ақжарма тілегін білдірді.

Мерекеге жиналған қауым киіз үй төріне жайғасып, берекелі дастарханнан дәм татты. Ұлттық ойындар ойнатылып, қазақ эстрадасының жас жұлдыздары әуелете ән шырқалады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің ректоры профессор Г.Қ. Мұтановтың басқаруымен ұйымдастырып келе жатқан Наурыз мерекесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Осы бір ерекше үлгідегі Наурыз мейрамын осымен сегізінші жыл қатарынан ұйымдастырып келеді. Бұл қандай ерекшелік десеңіз, Наурыз мейрамын студенттерге арнап өткізілуінде. Ұлттық мерекені ұйымдастырушы Студенттер қалашығының директоры Әбдіқаһар Сейітжанов осы бір ерекше үлгідегі мерекенің болашақ үшін пайдасы мол болатынын сеніммен айтады. Себебі, төл мерекемізді жастарға қызықты етіп көрсету арқылы ұлтжандылыққа, Отансүйгіштікке, мейірімділікке, ауызбіршілікке тәрбиелеуге болады. Сол арқылы шетелдік студенттерге де қазақ мәдениетін мақтана таныстыра алатын жастар қатары күн сапап артуда. Әлемдік деңгейде өткізілетін Бразилия, Венеция карнавалдары секілді, Ұлттық Наурыз мейрамын да шетелдік туристер

ағылып келетіндей үлкен түркі елінің, қазақ елінің керемет брендіне айналдыруымызға болады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде шетелдік студенттер, түрлі ұлыс пен ұлт оқиды. Жыл сайынғы өткізілетін Наурыз мерекесіне ұлттық студенттер көтеріңкі көңіл күймен келеді. Шетелдік студенттер де өздерінің ұлттық киімдерін киіп, жайылған ақ дастарханнан, соның ішінде наурыз көжеден алғаш рет дәм татып жатты. Жапония елінен келген бүгінгі таңда ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында білім алып жатқан Такуро Оучи былай дейді: «Мен Наурыз мерекесінің парсы халықтарына кең тарағанын білетінмін. Ал мейрамның қалай тойланатынына алғаш рет куә болып тұрмын. Маған Наурыз мейрамы өте қатты ұнады, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлердің біразымен танысып шықтым. Бүгін ұлттық тағам Наурыз көжеден алғаш рет дәм таттым. Дәмі ерекше екен». Ал Корей елінен келген аталмыш факультет білімгері Шин Мин Хи ұлттық тағамдардың ерекше дәмді екенін айтты: «Мен ҚазҰУ-да білім алып жатқан уақыт аралығында қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татып үлгердім. Солардың ішінде маған ұлттық тағамдар бауырсақ пен күрт, асылған ет өте қатты ұнайды. Бүгін Наурыз көжеден алғаш рет дәм таттым, дәмі өте ерекше екен және байқағаным – Наурыз көженің құрамына кіретін кейбір өнімдерді Корей халқы да күнделікті өз тағамдарына жиі қолданады».

Қорытындылай келе, Алатау тауының баурайында орналасқан әсем қала Алматына еліміздің оңтүстік шығысында орналасқандықтан көктем ерте келеді, тұрғындар да ұлттық өнерді айрықша қадір тұтады. Сондықтан да мұнда Наурыз мейрамы ерекше тойланады. Бұл мерекеге дайындық алдын ала жүргізіледі. Облыс, аудан және ауыл әкімшіліктерінің ұйымдастыруымен пәкті іс-шаралар жүзеге асырылады. Ақшаңқан киіз үйлер тігіледі. Наурыз қарсаңында әр отбасы өз үйінің айналасын тазартады. Бұл іске мекемелер мен жеке адамдар да қуана кіріседі. Биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушылары мен профессорларының, студенттері мен магистранттарының үлесі зор. Көшелерді тазалау жұмыстарына барлық адам қатысады.

Ал сол әсем қалада орналасқан білімнің ошағына айналған Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті жыл сайын қызықты да, өнегелі мейрамды жыл сайын жоғарғы деңгейде абыроймен атап өтуде.

Студенттер сарайының алдындағы әл-Фараби алаңында «Ұлы даланың жеті қыры» атты Елбасы мақаласының желісі бойынша университеттің көркем ұжымы дайындаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты музыкалық-театрландырылған қойылым өтті. Бағдарламада қазақ даласының ұлы жетістіктері: атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия және аң стилі, Алтын адам және Ұлы Жібек жолы, Қазақстан Түркі әлемінің бесігі ретінде – ұлы ойшылдар мен ғалымдардың, алма мен қызғалдақтың отаны екені және қазақ мәдениетінің дәстүрлері көрсетілді. ҚазҰУ-да наурыз мерекесі "Алма бағын" отырғызумен басталды. Оған дипломаттық корпусың, халықаралық ұйымдардың өкілдері, шетелдік ғалымдар, студенттер қатысты. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлы даланың жеті қыры мақаласында Қазақстанның алма мен қызғалдақ отаны екендігіне айрықша назар аударды.

Биофизика және биомедицина кафедрасының ұйымдастыруымен Биология және биотехнология факультетінің Наурыз мейрамы тойланды. Факультет деканы Заядан Болатхан Қазыханұлы және кафедра меңгерушісі Төлеуханов Сұлтан Төлеуханович пен кафедра мұғалімдерінің ұйымдастыруымен киіз үй құрылып, ақ дастархан жайылып қонақтар қарсы алынды. Барлық ұйымдастырушылар мен қонақтар ұлттық нақышта киініп студенттер домбыра шертіп, ән айтып, би билеп қазақтың салт-дәстүрлерін паш етті. Биология және биотехнология факультетінде Наурыз мейрамында ұлттық салт-дәстүріміз "Тұсаукесер" рәсімі өткізілді. Отбасылы студенттердің балаларының тұсауы кесілді.

Соңғы кезекте марапаттау рәсіміне берілді. Биология және биотехнология факультетінің дәстүрлі тазалық байқауында "Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік оқу ғимараты" бойынша ІІ-ші орын алғаны үшін, сонымен қатар биофизика және биомедицина кафедрасының "Таза кампус" байқауында ІІІ-ші орын алғаны үшін ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтановтың факультет деканы Заядан Болатхан Қазыханұлы және кафедра меңгерушісі Төлеуханов Сұлтан Төлеухановичті құттықтады. Студенттерге 150 литр наурыз көже, 50 кг бауырсақ таратылды. Келген қонақтар мейрам болып, барлығы бірін-бірі құтықтап Наурыз тойы жоғары деңгейде атап өтілді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының аға оқытушысы б.ғ.к. Атанбаева Г.К., асс. проф. Әбдірешов С.Н.**